



**С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАФЕДРА: БАЛАЛАР ЖАСЫНДАҒЫ
СТОМАТОЛОГИЯ.
ДЕСКВАМАТИВТІ ГИНГИВИТ**



Орындаған: Канаев Е

Тобы: 504-01

Факультет: стоматология

Қабылдаған: Сабитова К.Е

Жоспар:

- ▣ I. Кіріспе
- ▣ Гингивит
- ▣ II. Негізгі бөлім
- ▣ Этиологиясы
- ▣ Патогенезі
- ▣ Клиникалық көрнісі
- ▣ Салыстырмалы диагностикасы
- ▣ Емі, алдын алу
- ▣ Қорытынды
- ▣ Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

- Гингивит – жалпы және жергілікті факторлардың әсерінен пайда болатын тіс пен қызыл иек байланысы бұзылмаған қызыл иек тінің қабынуы. Соның ішінде тоқталатын түрі десквамативті гингивит, гингивиттің бұл түрін 1932 жылы алғаш рет ашқан болатын. Осы уақытқа дейін толық зерттелмей келеді. Гингивиттің бұл түрі жасөспірімдерде кездеседі.

Жіктелуі

- ▣ *Таралуы бойынша:*
 - ▣ -жергілікті
 - ▣ -жайылған
- ▣ **Ауырлығы бойынша:**
 - ▣ -жеңіл
 - ▣ -орташа
 - ▣ -ауыр
- ▣ **Клиникалық көрнісі бойынша**
 - ▣ эритематозды
 - ▣ жаралы
 - ▣ буллезды

Этиологиясы

- 1. Жергілікті фактор:
- Тіс қақтары мен тіс тастары (қызыл иекке енген микроорганизмдер эндотоксиндер бөліп, гистаминнің гиперсекрециясын ынталандырып, қан – тамыр өткізгіштігін арттырады);
- Дұрыс салынбаған пломба, ортопедиялық сауыттармен ортодонтиялық аппараттар. (қызыл иекті тітіркендіреді).
- 2. Жалпы фактор: Дермомукозды аурулардың сиптомы болуы мүмкін.

Патогенезі

- Эпителидің мүйізделетін қабатының қызметінің бұзылуы, паракератозға алып келеді. Кей жағдайда аконтоз болуы мүмкін, сол себепті қорғаныш қызметі бұзылады. Эпителий қабатының байланысқан жерінде, байланысушы тіндер ісінген қызарған болады. Ошақты инфилтраттар лимфоидты жасушалардан және гистиоциттерден тұрады. Сонымен қатар бөлшекті ядролы лейкоциттер қызыл иек бүртігінде орналасады. Коллаген талшықтары дистрофиялық өзгеріске ұшырап, ұлғаяды.

- Десквамативті гингивиттің дамуына гормондардың бөлінуі де әсер етеді, себебі эндокринді жүйелік аурулар кезінде гормондар аз бөлнуіне әсер етеді. Соның салдарынан эпителидің мүйізделетін қабатындағы жасушалардың кератинизациялануың азайуына алып келеді де, қорғаныс қызметі төмендейді.

Клиникалық көрнісі

- ▣ Жеңіл түрінде қызыл иек ісінген, қызарған, ауырмайды, қарап тексергенде байқауға болады.
- ▣ Орташа түрінде қызыл иек жылтыр немесе ала түсті болуы
- ▣ Ауыр түрінде қызыл иекте әр түрлі пішінде жылтыраған жаралар пайда болуы мүмкін.

- Эритематозды да жеке – жеке инфильтраттар қосылады да шеттері тегіс емес, ашық – қызыл түсті болады. Кей жағдайда эпителий қабаты зақымдалмайды.
- Жаралы түрінде қызыл иек шеттерінде және қызыл иек бүртігінің ұшында көптеген жаралар болады. Қызыл иек зақымданған жерлер күңгірт болып шеттері сау қызыл иек тінінен бөлініп тұрады.
- Буллезды түрінде жаралармен қоса көпіршіктер пайда болады . Бұл түрін вульгарлы көпіршіктің бастауы деп саналады.

Салыстырмалы диагностикасы

- Десквамативті гингивиттің орташа түрін созылмалы гипертрофиялық гингивитпен салыстырады (анамнезінде тері ауруларымен ауырғаны)
- Ауыр түрін созылмалы атрофиялық гингивитпен салыстырады (ауыздың құрғақ болуы).
- Шиллер – Писарев сынамасы оң.

Емі, алдын алу

- Емі негізінен себепші ауруды емдеуден басталады, дерматолог терідегі өзгерістерді қарап емдеуі қажет. Жеңіл түрінде ауыз қуысының санациясынан басталады, тістерді тазалаудың дұрыс әдістерін көрсету, хлоргексидин ертіндісімен 2-реттен 3 күн шаю. Орташа түрінде ауыз қуысының санациясы, антисептикалық хлоргексидин ертіндісімен күніне 2-реттен 7-10 күн шаю және шалфей, ромашканы ұсыну.

- Ауыр түрінде ауыз қуысының тазалығынан, хлоргексидин ерітіндісімен шаю, трипсин, химотрипсин препараттарын ұсыну.
- Профилактика:
- Педиатрға уақытымен бару, тіс дәрігеріне жылына ауыз қуысының санациясы ретінде 2 рет қаралауы қажет.

Қорытынды

- Балаларда жеңіл түрінде ата анасы мән бермеуіде мүмкін, тіс дәрігеріне келгенде айтқан кеңесін уақытымен орындап, педиатр бақылауында болса ауыр түрлеріне өтпейді. Тіс дәрігерлерінің де мақсаты алдын алу шараларын өз және мемлекет тарапынан жақсы өткізуі керек.

Қолданылған әдебиеттер

- ▣ Интернет желісі: [www. Yandex.ru](http://www.Yandex.ru) > десквамативті гингивит
- ▣ Thomson базалық жүйесі